

А.М. Рахметова*
э.ғ.д., профессор
«Зерттеулер, талдау
және тиімділікті бағалау» ЖШС
Астана қ., Қазақстан
e-mail: aibota@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-8741-0373

Е.Г. Будешов
докторант
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан
e-mail: yeraly_budeshov@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1676-2902

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫС САПАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢ ТӨМЕН ӘЛЕУМЕТТІК СТАНДАРТТАРЫ (ЕҢБЕК, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАЛАРЫ)

***Аңдатпа.** Зерттеуде отандық, шетелдік авторлар және халықаралық ұйымдармен ұсынылатын әлеуметтік стандарт пен тұрмыс сапасының стандартын анықтау тәсілдері қарастырылады. Мемлекеттік деңгейде әлеуметтік стандарттар жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері сипатталады, ең төменгі әлеуметтік стандарттар жүйесі қалыптасқан салалар көрсетіледі. Сонымен қатар, мақалада ең төменгі әлеуметтік стандарттардың (еңбек, әлеуметтік қорғау және қамсыздандыру салаларында) қазіргі таңдағы жағдайына және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының қалыптасқан тенденцияларына талдау жасалады. Нәтижесінде еліміздегі халықтың тұрмыс сапасына әсер ететін үрдістерді реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің негізгі кемшіліктері анықталды. Мысалы, минималды жалақының салыстырмалы түрде төмен деңгейі және табыстың формальды деңгейі, анықталған күнкөріс деңгейі – Қазақстанның белгілі бір әлеуметтік төлемдері мен жәрдемақылар мөлшерінің үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуінің себебі болып саналады. Осыған байланысты азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан лайықты тұрмыс сапасына кепілдік беретін әлеуметтік стандарттарды қамтитын нормативтік базаға түзету енгізу ұсынылды.*

***Түйін сөздер:** тұрмыс сапасы, мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар, ең төмен күнкөріс деңгейі, ең төменгі жалақы, әлеуметтік төлемдер және жәрдемақылар.*

■ Кіріспе

Қазақстан Республикасын (бұдан әрі – ҚР) әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасында әлеуметтік дамудың қазақстандық моделін жетілдіру ең төменгі әлеуметтік стандарттардың қалыптасуы мен дамуының негізінде жалғастырылатыны бекітілген. Азаматтарға өмірінің әр кезеңінде әлеуметтік қызметтерді көрсетудің минималды қажетті деңгейі, яғни адамның өзін-өзі дамытуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді белгілейтін ең төменгі әлеуметтік стандарттар кепілдендіріледі [1]. Алайда, қазіргі кезде барлық әлеуметтік маңызды көрсеткіштердің (ең төмен күнкөріс деңгейі, ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы және тағы да басқасы) негізінде адамдардың қазіргі қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін, ескірген немесе негізделмеген нормативтер қаланған. Бұл жайт өз кезегінде елдегі халықтың тұрмыс сапасының нақты көрінісін бұрмалайды. Әлеуметтік нормалар мен нормативтердің мөлшері төменгі деңгейде сақталып, сондай-ақ оларды қайта қарау мәселесі кейінгі онжылдық мерзімде тек талқылау аясында қалып отырғандықтан, минималды әлеуметтік стандарттар азаматтардың қажеттіліктері мен жеке тұлғаның озық дамуы үшін жағдайлардың толыққанды қанағаттандырылуын қамтамасыз етуден гөрі адамдардың өлмес күніне мемлекеттік кепіл болып табылатындығын мойындау қажет. Сонымен бірге, әлеуметтік нормалау жүйесін және оны Қазақстанда жүзеге асыру тетіктерін жаңа сапада, нарықтық жағдайларға барабар әзірлеу тарихи тұрғыдан айқын конъюнктуралық сипатта болғанын атап өткен жөн. Демек, қазақстандық қоғамда ағымдағы әлеуметтік үрдістердің күрделілігі мен тез өзгеруі, нормативтерді қолданудың әлеуметтік салдары әлсіз ескерілген. Жоғарыда келтірілген тұжы-

рымдар жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және қамсыздандыру сияқты салаларда ҚР-дың ең төменгі әлеуметтік стандарттарын қалыптастыру мен пайдалану тәжірибесін жетілдіру аясында алдағы зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

■ Зерттеудің мақсаты

Қазіргі кезде өлшем бірлігі минималды әлеуметтік стандарт болып саналатын әлеуметтік кепілдіктердің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуді мемлекет өзінің міндеттемесі ретінде мойнына алады. Зерттеудің мақсаты ел халқының тұрмыс сапасын арттыру мен өңірлердің әлеуметтік әл-ауқаттылығына қол жеткізуге бағытталған және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің негізі ретінде танылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарын талдау мен зерделеу.

■ Әдебиетке шолу

Қазіргі кезде тұрмыс сапасы еліміздің стратегиялық мақсаты әрі мемлекеттің әлеуметтік дамуының маңызды көрсеткіші ретінде танылып отырғандығынан, тұрмыс сапасының әлеуметтік стандарттар жүйесін жетілдірудің қажеттілігі әлдеқайда арта түсуде. Ғылыми әдебиетте әлеуметтік стандарт түсінігін көпшілік мүдделі тараптар арасындағы әлеуметтік саясаттың маңызды мәселелері бойынша келісім негізінде әзірленген және тиісті мүше қабылдаған және бекіткен нормалар, ережелер, сипаттамалармен байланыстырады. Мысал ретінде, Е.И. Беглованың пікірінше, әлеуметтік стандарт, біріншіден, заңнамамен бекітілген халыққа бюджеттік әлеуметтік кепілдіктердің деңгейін білдіретін ғылыми негізделген мақсатты бағдарды көрсетуі керек; екіншіден, қоғамның әрбір мүшесінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мен қамсыздандырудың қолайлы деңгейіне қол жеткізу мақсатында мемлекет тарапынан берілетін әртүрлі салалардағы әлеуметтік қызметтерді (білім беру, медициналық, тұрғын үй-коммуналдық және өзге де), төлемдер мен жәрдемақыларды, яғни мүмкін болатын ең оңтайлы сандық және сапалық параметрлерді сипаттайды; үшіншіден, әлеуметтік нормалар және нормативтермен анықталып, шоғырландырылған бюджеттен қаржыландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Автордың көзқарасы бойынша, тұрмыс сапасының әлеуметтік стандарттарын қызмет көрсету мен қамсыздандырудың шекті төмен деңгейіне, яғни әлеуметтік минимумға бағыттау дұрыс емес. Керісінше, қажеттіліктердің кең ауқымын, соның ішінде жинақталған мүлікті, әлеуметтің мәдени ерекшеліктерін көрсететін және әлеуметтік қызметке қатысуды ескеретін, яғни лайықты, салауатты, әрі шығармашылық сипатта өмір сүру мүмкіндіктерін кеңейтуді білдіре отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-экономикалық ортадағы мінез-құлқын анықтайтын, эволюция үдерісін басшылыққа ала отырып көпшілікпен қабылдаған нормалармен айқындалатын белгілі бір орта деңгей ретінде бекіту қажет [2].

Өз кезегінде, отандық ғалымдардың (Е.А. Бурибаев, Ж.А. Хамзина) айтуынша, әлеуметтік стандарттардың мазмұны тек әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде материалдық әлеуметтік қорғаудың нормалары мен деңгейлерін ғана емес, сонымен қатар, халыққа тікелей әлеуметтік қызметтер көрсететін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын, сондай-ақ мемлекет кепілдік беретін әлеуметтік қорғаудың барлық мүмкін нысандарында көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттарын қамтуы тиіс. Сонымен бірге, авторлар азаматтардың заңдық құқықтары тұрғысынан, тұрмыс сапасының әлеуметтік стандарттарын құрайтын нормативтік-құқықтық құжаттарды талдай отырып, ҚР-ның «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңы декларативтік сипатқа ие екенін атап өтеді. Себебі, егер аталған заңның әлеуметтік қамсыздандыру және отбасы мен балаларға қатысты салалардағы стандарттар бөлігіндегі қолдану тәжірибесін талдайтын болсақ, нормаларды тікелей пайдалануға келмейтінін, олар реттейтін нақты қоғамдық қатынастардың болмауын, яғни тәжірибе нөлдік мәннің шамасында екенін байқауға болады [3]. Авторлардың мұндай тұжырымдары зерттеліп отырған нормалардың оқшаулы сипатта және қандай да болма-

сын жүйеден тыс қолданыста пайдаланылуымен түсіндіріледі. Сәйкесінше, тұрмыс сапасын стандарттау саласындағы негізгі санаттардың мемлекеттік нормативтік-құқықтық бекітілмегенін көрсетеді.

Сол арада, барған сайын зерттеушілердің үлкен саны, сондай-ақ саяси қайраткерлер тұрмыс сапасының әлеуметтік стандарттарын адам құқықтары тұрғысынан қарастыруда. Әрине, бұл әлеуметтік қорғауды қоса алғанда, еңбек қатынастары саласындағы стандарттарды анықтауға уәкілетті Халықаралық еңбек ұйымына да (бұдан әрі – ХЕҰ) қатысты. Халықаралық еңбек ұйымының актілері олардың құрылыс материалы деп айтуға болады. ХЕҰ-ның іргелі халықаралық құқықтық актісі болып №102 Конвенция саналады. Бұл құжатта әлеуметтік қамтамасыз етудің типологиясы жинақталған: медициналық көмек, азаматтардың түрлі ауруға шалдығуы, жұмысынан айырылуы, зейнет жасының келуімен байланысты өтемақы беру, азаматтарды отбасылық қиындықтарда қолдау (жәрдемақылардың тиісті түрлерімен қамтамасыз ету жолымен), жүктіліктің басталуы және босануға байланысты әйел адамдарға жәрдемдесу, балалар мен мүгедектерді қорғау, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша көмек көрсету. Түрлі елдердегі жағдайлардың саналуандығын ескере отырып, Конвенция әртүрлі санаттағы субъектілер үшін төлемдердің ең төменгі мөлшерін және қамтамасыз етілуге жататын адамдар тобын анықтай отырып, қамтамасыз етудің минималды деңгейін белгілеуді көздейді. №117 Конвенция адамдардың нақты өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын әлеуметтік қамтамасыз етудің қажетті деңгейіне қол жеткізу үшін үлкен маңызға ие. Бұл құжат тәуелсіз өндірушілер мен жалдамалы жұмысшыларға олардың өмір сүру деңгейін көтеру үшін жағдай жасау, сондай-ақ ресми зерттеулер жолымен белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз ету сияқты мемлекеттік міндеттемелерден құралады [4].

Сонымен, тұрмыс сапасының әлеуметтік стандарттар жүйесін анықтау және оның жоғары маңыздылығына байланысты әлеуметтік саланы басқаруға енгізу бойынша зерттеу жұмысы дербес әрі өзекті ғылыми бағыт болып саналатынын атап өткен жөн. Аталған бағытты дамыту әлеуметтік өзгерістерге мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету бойынша жүйелі тапсырмаларды шешуге, әлеуметтік стандарттарға енгізілген нормативтік базаны түзетуге, әлеуметтік институттар мен ұйымдардың тұрақты жүйесін құруға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

■ Зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі болып тұрмыс сапасы және оны басқару, адами ресурстардың дамуы мен тұрақты даму, әлеуметтік саланы дамыту мәселелері бойынша ғалымдардың ғылыми еңбектері, отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарында жасалған идеялар мен тұжырымдар, ақпараттық және талдамалық материалдар, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық даму саласындағы заңнамасы табылады. Зерттеу әдістерін абстрактілі-логикалық, салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық тәсілдемелер, сондай-ақ ғылыми танымның жалпы диалектикалық әдісі, логикалық дедукция және индукция әдістері, танымдық және статистикалық әдістер, салыстыру, талдау, жалпылау және сипаттау тәсілдері құрайды.

■ Нәтижелер мен талқылау

«Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңына сәйкес еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы негізгі есептік-көрсеткіштік индикаторлар ретінде Қазақстандағы ең төмен күнкөріс деңгейі (бұдан әрі – ЕТКД), ең төменгі зейнетақы мөлшері, ең төменгі жалақы (бұдан әрі – ЕТЖ) мөлшері [5] инфляцияның болжамды деңгейі ескеріле отырып, сәйкес қаржы жылына «Республикалық бюджет туралы» Заңымен жыл сайын бекітіледі [6]. Қазақстандағы жалақы деңгейін қызметкерлер мен олардың отбасыларының нақты қажеттіліктеріне сәйкес келтіру жолындағы негізгі кедергілердің бірі ретінде ең төменгі жалақыны есептеудің ресми бекітілген әді-

стемесі мен заңнамалық белгіленген әдіснамасының болмауын атап айтуға болады [7]. Лайықты немесе жеткілікті деңгейден едәуір төмен, 2023 жылғы мөлшері (70 000 теңгені), орташа айлық жалақының 20%-ын және медианалық жалақының 30%-ын құрайтын ең төменгі жалақы қандай параметрлер мен айнымалылар негізінде есептелетіні туралы ақпарат ашық қолжетімді дереккөздерде мүлдем жоқ екені баршаға мәлім. Кейінгі 5 жылда аталған көрсеткіш орташа айлық жалақының 19,31-22,75% және медианалық жалақының 25,63-37,85% ауытқу шегінде байқалады [8]. Егер Қазақстан Парламенті «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төменгі жалақыны белгілеу туралы» Халықаралық еңбек ұйымының № 131 Конвенциясын (бұдан әрі – Конвенция) ратификациялайтын болса, ел Үкіметі үшін әдіснаманы әзірлеу міндетті болады. Әдіснаманы әзірлеу барысында Конвенция 3-бабының ережесін қолдану керек. Оған сәйкес ең төменгі жалақы деңгейін анықтау кезінде ескерілетін факторлар ұлттық тәжірибе мен шарттарға, яғни «... елдегі жалақының жалпы деңгейін, өмір сүру құнын, әлеуметтік жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік топтардың салыстырмалы өмір сүру деңгейін салыстыра отырып, жұмысшылар мен олардың отбасыларының қажеттіліктеріне» лайықты қаншалықты мүмкін және қолайлы екенін қамтиды [9]. Алайда, қазіргі кезде елімізде 2014 жылы ҚР-ның №183-V Заңымен қабылданған «Ең төменгі жалақыны белгілеу рәсімін жасау туралы» ХЕҰ-ның 1928 жылғы (№26) ратификацияланған Конвенциясының алдыңғы нұсқасы қолданылып келеді [10].

№26 Конвенцияға сәйкес қызметкердің тек өз қажеттіліктері ғана ескеріліп, ал оның отбасының қажеттіліктері есепке алынбайды. Сондай-ақ, ЕТЖ деңгейін анықтау кезінде ең төменгі жалақыны белгілеудің өлшемшарттары мен әдістері аталған Конвенциямен ескерілмейді. Бұдан бөлек, Халықаралық еңбек ұйымының есебінде ұзақ мерзімді көрінісін қолдана отырып бағалау, 2005-2021 жылдар аралығындағы жалақы мен жұмыспен қамту ақысының 36%-ға өскенін көрсетеді. Алайда, кейінгі жылдардағы нақты жалақының таңғаларлық күрт төмендеуі негізінен 2021 жылы басталып, 2023 жылға дейін жалғасып келе жатқан инфляцияның өсуімен байланысты. Аталған есептің қорытындысы бойынша, әлемдегі нақты қолданыстағы ай сайынғы жалақы 2022 жылдың бірінші жартысында -0,9%-ға дейін төмендеді. Бұл көрініс 2008 жылғы Жаһандық жалақы туралы есептің бірінші басылымынан бері тіркелген әлемдегі жалақының алғашқы теріс өсуі [11]. Осы оқиғаларды ескере отырып, қазіргі таңда өмір сүру құнының дағдарысы көпшілік қазақстандықтардың жалақы динамикасынна басым әсерін тигізіп отыр. Мөлшері төмен жалақы мен теңсіздіктің жоғары деңгейі халықтың әлеуметтік хал-жайы мен әл-ауқатына ғана емес, экономиканың дамуына да кері әсерін тигізеді.

Еліміздегі ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін тек тағам өнімдері мен азық-түлік емес тауарлар арасында ғана айырмашылық жасалатын нормативтік-статистикалық (біріктірілген) әдіс қолданылады. Бұл ретте, бірінші санаттағы тауарлар бағасы анық көрсетілген болса, ал екінші санаттың құны 45:55 арақатынасын негізге ала отырып, азық-түлік өнімдеріне арналған есептік шығындардан экстраполяцияланады. 2023 жылы республика бойынша ең төмен күнкөріс деңгейі 40 567 теңгені құрады. Осы соманың 22 312 теңгесі (55%) тек 43 тағам түрлерінің атауы бар азық-түлік қоржынына есептелген [12]. Қазақстанның азық-түлік қоржыны соңғы рет 2005 жылы бекітілгенін атап өту маңызды. Басқа сөзбен айтқанда, жаһандық қаржы дағдарысына, ұлттық валютаның құнсыздануына, азық-түлік және коммуналдық қызметтер бағасының өсуіне қарамастан, Қазақстан соңғы 20 жыл бойы азаматтардың өмір сүру құнын өзгеріссіз сол бір «қоржынмен» өлшеп келеді. Осы себепті біздің тұтыну қоржынымыз көрші елдерден (мысалы, Ресейде ЕТҚД-нің мөлшері 79 781 теңгені (14 375 рубль) құрайды және тауарлар мен қызметтердің 156 атауы қолданылады); Беларусьте – 459 атау, ЕТҚД = 66 200 теңге (368 беларусь рублі), сондай-ақ еуропалық елдерден де (Францияда – 500 атау; Ұлыбритания мен Канадада – 700; Германия мен Австрияда – сәйкесінше 750 және 769; ал Норвегияның қоржынына 800-ге жуық атау кіреді) айтарлықтай ерекшеленеді. Мұндай елеулі айырмашылықтың себебі, аталған елдер кем дегенде 5 жылда бір рет тұтыну қоржындарының құрамына қатысты жаңарту, толықтыру жұмыстарын іске асырып отырады [13]. Осылайша, қазіргі

уақытта ең төменгі тұтыну қоржыны құнының негізінде ЕТҚД-нің қолданыстағы есептеу әдістемесі осы санаттағы ең төмен күнкөріс деңгейі түсінігін толыққанды қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Ең төмен күнкөріс деңгейімен анықталатын табыс деңгейі, дамудың қазіргі кезеңінде халықтың тіпті минималды қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. Тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру, көлік және байланыс сияқты тұрмыс сапасының негізгі санаттарының біршама маңыздылығы ескерілмейді. Демек, тек ағымдағы қажеттіліктерді дамыту және жаңадан пайда болатын қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы нәтижесінде адам әлеуетінің дамуы тежеледі. Елдің экономикалық дамуына қарамастан, тұтыну қоржыны әлі де болса азық-түлікті тұтынудың ең төменгі деңгейімен регламенттелген және көптеген қажеттілік мүлдем есепке алынбаған [14].

Қазақстанда отбасын мемлекеттік қолдау бірқатар бағыт бойынша жүзеге асырылады. Олардың арасында декреттік демалысқа ақы төлеу әлеуметтік қорғау саласында жалғыз өзі ғана ратификацияланған Халықаралық еңбек ұйымының №183 Конвенциясына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуы тиіс. Бұл құжатта ақшалай жәрдемақының мөлшері әйел адам өзін және баласын тиісті денсаулық жағдайында ұстай алуға және лайықты өмір сүру деңгейін сақтап қалуға кепілдік беретін деңгейде болуы қажет екені көрсетілген. Дәлірек айтқанда, мұндай жәрдемақылардың мөлшері әйел адамның алдыңғы табысының кемінде үштен екісін (66,67%) құрауы керек. Олай болмаған жағдайда экономикасы мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жеткілікті даму деңгейіне жетпеген елдерде ақшалай жәрдемақылар ұлттық заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес ауру немесе еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша төленетін мөлшерлемеден төмен емес деңгейде беріледі. Мәселен, 2022 жылғы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының (бұдан әрі – МӘСҚ) деректері бойынша әлеуметтік төлемдер құрылымындағы (441 млрд теңге) төлемдердің негізгі үлесін немесе 84%-ын ана мен баланы қолдауға арналған әлеуметтік төлемдер (370 млрд теңге) құрайды. Осы қаражаттың есебінен жүктілік және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдердің пайдасына 197,9 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде берілген біржолғы төлемнің орташа мөлшері 810 523 теңгені құрады. Бұдан басқа, бала 1 жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша МӘСҚ төлемдердің орташа мөлшері 45 997 теңгені құрайтын, жалпы сомасы 171,9 млрд теңгеге әлеуметтік төлемдер тағайындалды. Сондай-ақ, баланың тууына байланысты 38 АЕК (барлық әйел адамдар үшін) мөлшеріндегі мемлекеттің біржолғы жәрдемақысының көлемі 2022 жылы 116 394 теңгеге тең болғанын атап өткен жөн [15]. Осылайша, жоғарыда аталған төлемдер мен жәрдемақыларды (жұмыс істейтін әйелдер үшін) ескере отырып, декреттік демалыс кезеңінде олардың орташа айлық табысы республика бойынша орташа айлық жалақының 40%-нан аспайды. Дегенмен, деңгейі жеткіліксіз болғанына қарамастан, МӘСҚ төлемдерін тағайындау кезінде ескерілген орташа айлық табыстың (188 492 теңге) мөлшерін есепке ала отырып, жұмыс істейтін әйел адамдар үшін №183 Конвенцияның талаптары орындалады.

Сонымен қатар, МӘСҚ-да тиісті аударымдар болмаған жағдайда, бала 1,5 жасқа толғаннан кейін оның күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақылардың мөлшері бірінші балаға 5,76 АЕК-ті (17 643 теңге) құрайды. Бұл өте төмен көрсеткіш. Себебі ХЕҰ-ның ұсынымдарына сәйкес бала күтімі еңбек қызметі деп танылады және минималды күнкөріс деңгейінен (2022 жылы шамамен 12 АЕК-ке тең болды) немесе ең төменгі жалақыдан (егер заңнамада белгіленген болса) төмен төленуі мүмкін емес. Сондай-ақ, жан басына шаққандағы орташа табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларындағы 6 жасқа дейінгі балаға атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) аясында 1 балаға 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша төлемдер жүзеге асырылады. Бұл да әлемдік тәжірибеге сәйкес келмейді, мұндай жағдайларда құрамы бойынша бірдей отбасылар үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің негізінде ұқсас жәрдемақыларды (1-кесте) бекіту есебінен тағайындайды [16]. Қорытындысында, АӘК-ті ескере отырып, жұмыс істемейтін әйел адамдар үшін төлемдер мен жәрдемақылардың жиынтық сомасын есептеу кезінде олардың орташа айлық табысының деңгейі ел бойынша орташа айлық жалақының 13%-ын немесе 1 ЕТҚД құрады, яғни бұл

қабылдауға келмейтін және қанағаттанарлықсыз факт. Төлемдер мөлшері АЕК-ке тіркеулі болғандықтан және ең төмен күнкөріс деңгейі тұрғысынан да, ЕТЖ тұрғысынан да ешбір негізделмеген. Егер Халықаралық еңбек ұйымы идеологы саналатын әлемдік тәжірибені және жұмыс істейтін әйел адамдар үшін жалақы мөлшерімен сақтандыру төлемдерін негіздеу қисынын ұстанатын болсақ, онда бала күтімі бойынша бюджеттік жәрдемақыларды ЕТЖ-ға тіркеу арқылы есептеген орынды. Себебі жалпылай алғанда, әлемдік экономикада балаларды тәрбиелеумен айналысатын әйелдерді экономикалық белсенді халық деп тану үрдісі байқалады. Сонымен қатар әйелдерге әлеуметтік жәрдемақы емес, зейнетақы аударымдары бар жалақының аналогы қамтамасыз етілуі қажет.

Әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Халықаралық еңбек ұйымының барлық Конвенцияларының флагманы саналатын әлеуметтік қамсыздандырудың ең төменгі нормалары туралы 1952 жылғы №102 Конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция) әлеуметтік қамтамасыз етудің тоғыз тарауындағы ең төменгі нормаларын, соның ішінде жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді қамтиды. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады. 2022 жылы 19,1 млрд теңге сомасының көлемінде 110 мыңнан астам адамға төлем жүргізілді және тағайындалған төлемдердің орташа мөлшері (109 563 теңге) МӘСҚ төлемін тағайындау кезінде ескерілген орташа айлық табыстың 41%-ын немесе 44 896 теңгені құрады. Бұл Конвенцияның ең төменгі талаптарына да сәйкес келмейді, себебі жәрдемақы мөлшері бұрын алынған жалақының 50%-нан кем болмауы тиіс [15].

Осылайша, бұл жайт жұмыссыз тұлғаның өмір сүру деңгейінің айтарлықтай дәрежеде нашарлауына алып келеді. Сонымен бірге, халықаралық конвенциялар белгілегендей, мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің аясында бекітілетін АӘК нысанындағы Қазақстандағы жұмыссыздарға әлеуметтік көмек толығымен мөлшерлес емес. Себебі, оны есептеу үшін ЕТҚД-нің 40%-на тең болатын еш негізі жоқ шама қолданылады. Бұл төлемдердің өте төмен деңгейін (2022 жылы – 6 712 теңге) көрсетеді, сондықтан, үй шаруашылықтарының өмір сүру деңгейі кедейлік шегінен де төмен екенін байқауға болады. Аталған шама үй шаруашылықтарына тұрғын үй көмегімен үйлескенде де, ең төмен күнкөріс деңгейінде де негізгі игіліктерді тұтынуға мүмкіндік бермейді, бұл әрине жол бергісіз хал-ахуал болып саналады.

Еңбек нарығына қатысы бар тағы да бір әлеуметтік қауіп-қатердің бірі – отбасының асыраушысынан айырылуы. Айта кету керек, бюджеттен төленетін асыраушысынан айрылу бойынша мемлекеттік жәрдемақыдан бөлек, МӘСҚ-нан да әлеуметтік төлем қосымша тағайындалады. Атап айтқанда, төлемнің орташа мөлшері (МӘСҚ-да 2 жыл ішінде аударымдар болған жағдайда) 40 854 теңгені немесе төлемді тағайындау кезінде ескерілген орташа айлық табыстың 33%-ын (124 667 теңгені) құрайды. Сол уақытта шетелде мұндай жәрдемақының мөлшері арнайы қорлардағы аударымдардың мерзімі екі есе аз, яғни 12 айға толған кезде орташа жалақының 75-100%-ына дейін жететін мысалдар кеңінен таралған [15]. МӘСҚ-да мұндай аударымдар болмаған жағдайда, төлемдердің мөлшері қайтыс болған асыраушысының оның асырауындағы еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің санына кері пропорционалды. Мысалы, отбасының еңбекке жарамсыз бір мүшесі болған жағдайда ЕТҚД-нің 0,92 коэффициенті (34 398 теңге), алты және одан да көп отбасы мүшелері бар жағдайда жәрдемақының ең жоғары мөлшері болып, отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне тең үлес ретінде 3,00 ЕТҚД, яғни ең төмен күнкөріс деңгейінің жартысына тең 18 695 теңгеден есептеледі [16]. Сонымен бірге, дамыған елдердегі ең төмен күнкөріс деңгейіне қатысты қолданыстағы тұжырымдамалар төлемдерді үй шаруашылығының көлемі мен құрамы бойынша сәйкес келетін ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде белгілейді. Осылайша, мемлекет кепілдік берген әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың нормалары жыл сайын АЕК немесе ЕТҚД-нің өсуіне пропорционалды түрде жоғарылауына қарамастан, жоғарыда келтірілген деректер Қазақстан мен ЕО елдеріндегі стандарттардағы айтарлықтай айырмашылықты дәлелдейді. Тағайындалған әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың түпкілікті деңгейі іс жүзінде адамның негізгі

1-кесте. Қазақстанның 2022 жылғы әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар мөлшерінің орташа жалақыдан %-бен халықаралық стандарттарға сәйкестігі

Ең төменгі әлеуметтік стандарттың түрі		Формула бойынша есептеу нәтижелері	Институционалдық немесе эмпирикалық қамтамасыз ету (отандық және халықаралық ең төменгі норма)	Еуропалық әлеуметтік қамсыздандыру кодексі
		Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі	ХЕҰ конвенциялары	
жұмыстан айырылу жағдайында әлеуметтік төлем (сақтандыру төлемі)	41%	соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыс мөлшерінің 45%-ы	ХЕҰ-ның №168 Конвенциясына сәйкес, әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылған тұлғаның жәрдемақы мөлшері бұрын алған жалақысының 50%-нан кем болмауы тиіс	
жұмыссыздарға әлеуметтік көмек (үй шаруашылықтары үшін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек нысанында)	ЕТЖ-ның 11%-ы ЕТҚД-нің 18%-ы	АӘК мөлшері жан басына шаққандағы орташа табыс пен үй шаруашылығының әрбір мүшесі үшін кедейліктің ресми шегі (ЕТҚД-нің 70%-ы) арасындағы қосымша төлем түрінде есептеледі + 1 жастан 6 жасқа дейін қоса алғанда әрбір нәрсеге 1,5 АЕК мөлшерінде балаларға арналған қосымша төлем	ХЕҰ-ның №168 Конвенциясына сәйкес, жәрдемақы мөлшері жұмыссыз үшін келесі үш өтеу нұсқасының қайсысы ұтымды болуына байланысты тағайындалады: біліктілігі төмен жұмысшының ең төменгі немесе жалпы жалақысының 50%-нан кем болмауы, не болмаса негізгі өмірлік қажеттіліктерін жабу үшін жеткілікті минималды табыс деңгейіне сәйкес келуі тиіс	50% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 65% – асырауында жұбайы және екі баласы бар бенефициар адам
еңбекке жарамсыздық кезеңінің төлемдері (ауру бойынша)	орташа айлық жалақының 25%-ы	еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша ай сайынғы әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 25 еселенген АЕК-тен аспайды	ХЕҰ-ның №130 Конвенциясы жалақының 60%-ы өтемақысын және 52 апта мөлшеріндегі төлем ұзақтығын ұсынады	
еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер (сақтандыру төлемі)	32%	МӘСҚ-тан төленетін төлемдердің мөлшері жарналар өтіліне, еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициентіне тәуелді. Орнын басу коэффициенті 24 айдағы орташа жалақының 0,6-на тең	ХЕҰ-ның №128 Конвенциясы, мүгедектігі бойынша әдеттегі зейнетақы алушыға мерзімді төлемдердің ең төменгі нормалары (мүгедектік басталғанға дейінгі 12 айлық кезең ішіндегі жалпы жалақының 50%-ы). ЭЫДҮ тәжірибесінде жәрдемақы мөлшері, әдеттегідей, алдында алған жалақының 30-50%-ы шегінде болады, алайда еңбекке қабілеттілігінен толық айырылған жағдайда 90-100%-ға дейін жетеді. Көптеген елде жәрдемақы мөлшері асырауындағы адамның жасына және бар болуына байланысты	1. Тұрақты күтімді қажет етпейтін еңбекке уақытша және тұрақты жарамсыздық 50% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 65% – асырауында жұбайы және екі баласы бар бенефициар адам 2. Еңбекке тұрақты жарамсыздық және үнемі күтім жасау қажеттілігі 70% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 80% – асырауында жұбайы және екі баласы бар бенефициар адам
мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы	орташа айлық жалақының мин: 15% макс: 48%	мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік (ЕТҚД еселігінің ең жоғары мөлшері 1-топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін 3,94%-ды құрайды)	ХЕҰ-ның №128 Конвенциясына сәйкес, жәрдемақы мөлшері алдында алынған жалақының 50%-нан кем болмауы тиіс	50% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 65% – асырауында жұбайы және екі баласы бар бенефициар адам

Ең төменгі әлеуметтік стандарттың түрі	Формула бойынша есептеу нәтижелері	Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі	Институционалдық немесе эмпирикалық қамтамасыз ету (отандық және халықаралық ең төменгі норма)
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем (сақтандыру төлемі)	33%	асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшері 24 айдағы орташа айлық табыстың мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту жолымен анықталады: табыстың орнын басу – 60%; асырауындағы адамдар саны (0,5-тен 1,0-ге дейін) мен қатысу өтілінен (0,1-ден 1,3-ке дейін) ЕТЖ-ның 50%-ы шегеріледі	Еуропалық әлеуметтік қамсыздандыру кодексі Контингент тек еңбекке жарамсыздарды ғана емес, сонымен бірге жесір қалғандар мен ата-аналарды да қамтиды: 50% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 65% – асырауында жұбайы және екі баласы бар бенефициар адам. Максималды төлемдер көлемі 12 айдағы орташа табыстың 75-100%-на дейін жетеді
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы	орташа айлық жалақының 11%-ы және 36%-ы	алушылар тобы еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерімен шектелген. Отандық жүйеде ең төменгі және ең жоғары төлемдер мөлшері бекітілген, ең төмен күнкөріс деңгейінің сәйкесінше 0,92 және 3,00 коэффициенттері аралығында.	ХЕҰ-ның №128 Конвенциясына сәйкес, әлеуметтік төлем мөлшері бұрын алынған жалақының 45%-нан кем болмауы тиіс
ана мен баланы қорғау (жүктілік демалыс, жүктілік демалысқа ақы төлеу), балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақылар, уақытша әдеттегідей табыс деңгейі жоқ және МӘСҚ-да аударымдары бар аналардың табысын қолдау	жұмыс істемейтін және жұмыс істейтін әйел адамдар үшін республика бойынша орташа айлық жалақының сәйкесінше 13%-ы және 40%-ы	нәрестенің тууына байланысты 38 АЕК мөлшерінде (барлық әйел адамдар үшін) тіркелген мемлекеттік біржолғы жәрдемақы нәресте 1,5 жасқа толғаннан кейін оған күтім жасау бойынша ай сайынғы жәрдемақының мөлшері (жұмыс істемейтін әйелдер үшін) – 5,76 АЕК жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша (жұмыс істейтін әйел адамдар үшін) біржолғы әлеуметтік төлемді анықтау үшін соңғы жылдағы 7 ЕТЖ мөлшерінен аспайтын орташа айлық табысты жарамсыздық күндерінің коэффициентіне 4,2 (126/30) көбейтіп, МЗЖ-ның 10%-ын шегеру арқылы есептеуге болады.	ХЕҰ-ның №183 Конвенциясына сәйкес, әлеуметтік төлем мөлшері алдында алынған жалақының 66,67%-нан кем болмауы тиіс 50% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 65% – белгіленген жастағы жұбайы бар тұлға
жасына байланысты зейнетақы төлемдері	республика бойынша орташа айлық жалақының 35%-ы	жасына байланысты зейнетақы төлемдерін толық көлемде анықтау үшін мөлшері 55 еселенген АЕК-тен аспайтын үздіксіз 36 ай қатарынан орташа айлық табыстың 60%-ы есебінен жүргізіледі	ХЕҰ-ның №102 Конвенциясына сәйкес, жасына байланысты зейнетақы төлемінің мөлшері бұрын алынған жалақының 45%-нан кем болмауы тиіс 50% – бенефициар жеке өзі қарастырылады; 65% – белгіленген жастағы жұбайы бар тұлға
Ескерту – [4,16,17] дереккөздер ақпараттарының негізінде авторлармен құралған			

қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес келмейді және оларды дәлме-дәл халықаралық нормаға келтіріп, жетілдіруді талап етеді.

■ Қорытынды

Осылайша, жоғарыда айтылғандардың негізінде қолданыстағы әлеуметтік стандарттар жүйелі түрде қайта қарауды және сапалы жаңартуды қажет етеді деп санаймыз. Себебі әлеуметтік нормалар мен нормативтерді қалыптастыру және пайдалану саласында бірқатар кемшіліктер бар. Қазіргі жағдайда республикада белгілі бір әлеуметтік төлемдердің өсу қарқынын декларациялаудың орнына, ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерін есептеу қағидаларына тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жолымен экономикасы дамыған елдердің ЕТҚД әдіснамасын әзірлеу тәжірибесінің негізінде, сол мемлекеттердің тұрмыс сапасы стандарттарына жақындау дәрежесін көрсеткен абзал. Сонда осы сәтте мемлекет ресурстық мүмкіндіктердің шектеулі болуына байланысты әлеуметтік кепілдіктердің тек бір бөлігін ғана қанағаттандыра алады деп негіздеуге болар еді. Бірақ, келесі кезеңде мәлімделген мақсатқа жақындау дәрежесі жоғары болады. Мұндай тәсілдеме ұзақ мерзімді болашаққа есептелген анық және көпшілікке түсінікті әлеуметтік саясатты қалыптастыруға мүмкіндік беретін еді. Дегенмен, заманауи Қазақстанның дамуы әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы серпінді өзгерістермен сипатталғанымен, еліміз ең дамыған елу елдің қатарына кіруі үшін Қазақстан халқының тұрмыс сапасы орта еуропалық тұрмыс сапасының стандарттарына жақындауы тиіс. Ол үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Халықаралық еңбек ұйымының бірқатар конвенцияларын, Еуропалық әлеуметтік хартия сияқты әлеуметтік қамтамасыз ету стандарттарын реттейтін біршама құжаттарды ратификациялау қажет. Сондай-ақ, Еуропалық әлеуметтік қамтамасыз ету кодексіне және оның Хаттамасына сәйкес минималды стандарттар тиісінше бейімделіп бекітілуі керек. Қорытындысында, тұрмыс сапасының жаңа стандарттарына ауысу өңірлік бөліністе мүмкіндіктерді теңестіре отырып, мемлекеттің әр азаматы үшін бастапқы кезден тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және аумақтық құрылымдардың кешенді дамуын басқаруды жетілдіруге, сондай-ақ қабылданатын ел дамуының басым бағыттарын таңдау тетіктерінің негізділік дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Концепции социального развития Республики Казахстан до 2030 года. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000396>
2. Беглова, Е. И. (2014). Социальные стандарты качества жизни в системе управления социальным развитием страны. *Russian Journal of Education and Psychology*, (8 (40)), 30-39.
3. Ермеков А.Т., Бурибаев Е.А., Хамзина Ж.А. (2017). Правовое регулирование социальных стандартов качества жизни семьи и ребенка в Казахстане. *Инновационные внедрения в области юриспруденции*, 2, 20-24
4. International Labour Organization. *World Social Protection Report 2020–22: Social Protection at the Crossroads – in Pursuit of a Better Future*. Geneva: ILO, 2021. Retrieved from: <https://www.social-protection.org/gimi/Media.action?id=7368>
5. Закон Республики Казахстан от 19 мая 2015 года № 314-V ЗПК «О минимальных социальных стандартах и их гарантиях». Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000314>
6. Закон Республики Казахстан от 1 декабря 2022 года № 163-VII ЗПК «О республиканском бюджете на 2023 – 2025 годы». Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000163>
7. Kazhyken M., Satpayeva Z. (2022). The Analysis of the Consumer Basket in Kazakhstan. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 6, 359-373. <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.413>
8. БНС АСПР РК. (2022). Основные показатели по труду в Республике Казахстан. Заработная плата и условия труда. <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-wags/publications/57024/>
9. МОТ. (2022). Конвенция № 131 «Об установлении минимальной заработной платы с особым учетом развивающихся стран». Информационная система по международным трудовым стандартам Normlex. Retrieved from: https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C131
10. МОТ. (2022). Конвенция № 26 «О механизме установления минимальной заработной платы». Информационная система по международным трудовым стандартам Normlex. Retrieved from: https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C026

11. Alvarez-Vasquez, R., Xu, D., & Belser, P. (2022). Global wage report 2022-23; the impact of inflation and COVID-19 on wages and purchasing power. International Labour Organization, 52, 1–148. Retrieved from: https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_protect/---protrav/---travail/documents/publication/wcms_862569.pdf
12. БНС АСПР РК. (2023). Розничные цены на отдельные товары и услуги в Республике Казахстан, 15 серия Статистика цен. Retrieved from: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/spreadsheets/?year=&name=19087&period=&type=>
13. Food and Agriculture Organization of the United Nations. (2020). Consumer Price Indices. Global - National - Annual - FAOSTAT. Retrieved from: https://fenixservices.fao.org/faostat/static/documents/CP/CPI_e.pdf
14. Байкова, Е.И. (2019). К вопросу о необходимости совершенствования подходов к расчету прожиточного минимума в Республике Казахстан. Актуальные проблемы менеджмента, экономики и экономической безопасности, 98-101. Retrieved from: <https://phsreda.com/e-articles/68/Action68-32882.pdf>
15. АО «Государственный фонд социального страхования». (2023). Годовой отчет 2022. ГФСС. Retrieved from: https://gfss.kz/media/documents/Годовой_отчет_2022.pdf
16. Кодекс Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗПК «Социальный Кодекс Республики Казахстан». Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224>
17. Council of Europe. (1990). European Code of Social Security (Revised). European Treaty Series, 139. Retrieved from: <https://rm.coe.int/168007b3d6>

REFERENCES:

1. Концепции social'nogo razvitiya Respubliki Kazahstan do 2030 goda. Informacionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazahstan «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000396>
2. Beglova, E. I. (2014). Sotsial'nye standarty kachestva zhizni v sisteme upravleniya sotsial'nym razvitiem strany. Russian Journal of Education and Psychology, (8 (40)), 30-39.
3. Ermekov A.T., Buribaev E.A., Khamzina ZH.A. (2017). Pravovoe regulirovanie sotsial'nykh standartov kachestva zhizni sem'i i rebenka v Kazakhstane. Innovatsionnye vnedreniya v oblasti yurisprudentsii, 2, 20-24
4. International Labour Organization. World Social Protection Report 2020–22: Social Protection at the Crossroads – in Pursuit of a Better Future. Geneva: ILO, 2021. Retrieved from: <https://www.social-protection.org/gimi/Media.action?id=7368>
5. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 19 maya 2015 goda № 314-V ZRK «O minimal'nykh sotsial'nykh standartakh i ikh garantiyakh». Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000314>
6. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 1 dekabrya 2022 goda № 163-VII ZRK «O respublikanskom byudzhete na 2023 – 2025 godY». Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000163>
7. Kazhyken M., Satpayeva Z. (2022). The Analysis of the Consumer Basket in Kazakhstan. Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 6, 359-373. <https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.413>
8. BNS ASPR RK. (2022). Osnovnye pokazateli po trudu v Respublike Kazakhstan. Zarabotnaya plata i usloviya truda. <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-wags/publications/57024/>
9. MOT. (2022). Konventsiya № 131 «Ob ustanovlenii minimal'noi zarabotnoi platy s osobym uchedom razvivayushchikhsya strana». Informatsionnaya sistema po mezhdunarodnym trudovym standartam Normlex. Retrieved from: https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C131
10. MOT. (2022). Konventsiya № 26 «O mekhanizme ustanovleniya minimal'noi zarabotnoi platy». Informatsionnaya sistema po mezhdunarodnym trudovym standartam Normlex. Retrieved from: https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C026
11. Alvarez-Vasquez, R., Xu, D., & Belser, P. (2022). Global wage report 2022-23; the impact of inflation and COVID-19 on wages and purchasing power. International Labour Organization, 52, 1–148. Retrieved from: https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_protect/---protrav/---travail/documents/publication/wcms_862569.pdf
12. BNS ASPR RK. (2023). Roznichnye tseny na otdel'nye tovary i uslugi v Respublike Kazakhstan, 15 seriya Statistika tsen. Retrieved from: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/spreadsheets/?year=&name=19087&period=&type=>
13. Food and Agriculture Organization of the United Nations. (2020). Consumer Price Indices. Global - National - Annual - FAOSTAT. Retrieved from: https://fenixservices.fao.org/faostat/static/documents/CP/CPI_e.pdf
14. Baikova, E. I. (2019). K voprosu o neobkhodimosti sovershenstvovaniya podkhodov k raschetu prozhitochnogo minimuma v Respublike Kazakhstan. Aktual'nye problemy menedzhmenta, ehkonomiki i ehkonomicheskoi bezopasnosti, 98-101. Retrieved from: <https://phsreda.com/e-articles/68/Action68-32882.pdf>
15. АО «Gosudarstvennyi fond sotsial'nogo strakhovaniYA». (2023). Godovoi otchet 2022. GFSS. Retrieved from: https://gfss.kz/media/documents/Godovoi_otchet_2022.pdf
16. Kodeks Respubliki Kazakhstan ot 20 aprelya 2023 goda № 224-VII ZRK «Sotsial'nyi Kodeks Respubliki KazakhstaN». Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan «Әділет». Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224>
17. Council of Europe. (1990). European Code of Social Security (Revised). European Treaty Series, 139. Retrieved from: <https://rm.coe.int/168007b3d6>

STATE MINIMUM SOCIAL STANDARDS OF QUALITY OF LIFE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (SECTORS OF LABOUR, SOCIAL PROTECTION AND SECURITY)

A.M. Rakhmetova*

d.e.s., professor
Center for analytical research and evaluation
Astana, Kazakhstan
e-mail: aibota@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-8741-0373

Ye.G. Budeshov

PhD Student,
Karaganda University of Kazpotrebsoyuz
Karaganda, Kazakhstan
e-mail: yeraly_budeshov@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1676-2902

Abstract. *The study examines approaches to defining social standards and quality of life standards proposed by domestic and foreign authors and international organizations. It describes the features of forming the social standards system at the state level and reflects the areas for which systems of minimum social standards have been established. Additionally, the article analyzes the current state of minimum social standards in employment, social protection, and security as well as the existing trends in their socio-economic development. As a result, the analysis identifies the main shortcomings of regulatory legal acts affecting the population's quality of life in our country: the relatively low level of minimum wages and the formal income level determined by the subsistence minimum. These factors result in certain social benefits and payments in Kazakhstan falling short of the best international standards. Therefore, it is proposed to adjust the regulatory framework embedded in social standards to guarantee citizens a decent quality of life regardless of their place of residence.*

Keywords: *quality of life, state minimum social standards, subsistence minimum, minimum wage limits, social allowance and payments.*

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ МИНИМАЛЬНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ СТАНДАРТЫ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (СФЕРЫ ТРУДА, СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ И ОБЕСПЕЧЕНИЯ)

А.М. Рахметова *

д.э.н., профессор
ТОО «Центр исследований,
анализа и оценки эффективности»
г. Астана, Казахстан
e-mail: aibota@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-8741-0373

Е.Г. Будешов

докторант
Карагандинский университет Казпотребсоюза
г. Караганда, Казахстан
e-mail: yeraly_budeshov@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1676-2902

Аннотация. *В исследовании рассматриваются подходы к определению социального стандарта и стандарта качества жизни, предлагаемые отечественными, зарубежными авторами и международными организациями. Описываются особенности формирования системы социальных стандартов на государственном уровне, отражаются сферы, относительно которых сформированы системы минимальных социальных стандартов. Наряду с этим, статья содержит анализ современного состояния минимальных социальных стандартов (в сферах занятости, социальной защиты и обеспечения), и сложившихся тенденций их социально-экономического развития. В результате были выявлены основные недостатки нормативных правовых актов, регулирующих процессы, оказывающие влияние на качество жизни населения нашей страны: относительно низкий уровень минимальной заработной платы и формальный уровень доходов, определяемый прожиточный минимум, которые являются причиной несоответствия размеров определенных социальных пособий и выплат Казахстана лучшим международным стандартам. В этой связи, предложено произвести корректировку нормативной базы, заложенной в социальные стандарты, гарантирующие гражданам достойное качество жизни вне зависимости от места их проживания.*

Ключевые слова: *качество жизни, государственные минимальные социальные стандарты, прожиточный минимум, минимальная заработная плата, социальные пособия и выплаты.*